

FTAMP 17.01.09

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025200418>

**З.Н. Сейітжанов^{ID}, Н. Набиолла^{ID},
Б.С. Иманғалиев*^{ID}, Е.М. Солтанаева^{ID}**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: baur.iman@mail.ru

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Мақала Дулат Бабатайұлының «заман шындығы» және XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің негізгі қайраткерлерінің бірі ретіндегі шығармашылығын талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі автордың поэтикалық мұрасын қазіргі әдеби көзқарастар тұрғысынан қайта қарастыру қажеттілігімен, сондай-ақ кеңестік кезеңде біржақты түсіндіруге ұшыраған оның көркемдік және идеялық үлесін объективті бағалауға ұмтылуымен байланысты. Мақаланың мақсаты – Дулат Бабатайұлы шығармашылығының көркемдік-мазмұндық ерекшеліктерін анықтау және оның ұлттық әдеби сананы қалыптастырудағы рөлін анықтау. Қойылған мақсатқа сәйкес жұмыста келесі міндеттер шешіледі: ақын шығармаларының тақырыптық-идеялық мазмұнын талдау; оның бейнелі жүйесі мен поэтикасының ерекшелігін анықтау; тарихи-әлеуметтік жағдайлардың оның дүниетанымын қалыптастыруға әсерін анықтау; оның поэзиясындағы азаматтық пен ұлттық бірліктің себептерін қарастыру. Мақалада Дулат Бабатайұлының шығармашылығы хан билігінің жоғалуы және Ресей империясының отаршылдық саясатының күшеюі кезеңіндегі қазақ қоғамының өзгеруінің күрделі процестері көрсетілген. Оның поэзиясы өткір сатирамен, философиялық тереңдікпен және айқын азаматтық ұстаныммен сипатталады. Жырау дәстүріне және ауызша халық шығармашылығына сүйене отырып, ақын реализм мен публицистика элементтерін біріктіретін өзіндік көркемдік стиль қалыптастырады. Дулат Бабатайұлы шығармашылығының орталық идеясы туған жердің құндылығын бекіту, ұлттық бірегейлікті сақтау және халық бірлігі идеясы болып табылады, бұл оның қазақ әдебиеті тарихындағы тұрақты маңызын айқындайды деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, тарихи заман, шығармашылық, ақын, қоғам, мәселе, эстетикалық, көзқарас, дүниетаным.

Z.N. Seyitzhanov, N. Nabiolla, B.S.Imangaliyev*, E.M.Soltanaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: baur.iman@mail.ru

Dulat Babatayuly and the Truth of Epoch

This article analyzes the work of Dulat Babatayuly as an exponent of the “truth of the age” and one of the key figures in XIX century Kazakh literature. The relevance of the study is due to the need to rethink the author’s poetic heritage in the context of contemporary literary approaches, as well as the desire for an objective assessment of his artistic and ideological contribution, which was subject to one-sided interpretation during the Soviet period. The purpose of the article is to identify the artistic and aesthetic features of Dulat Babatayuly’s work and to determine his role in the formation of national literary consciousness. In accordance with the stated purpose, the following tasks are solved in the work: analysis of the thematic and ideological content of the poet’s works; identification of the specifics of his imagery system and poetics; determining the influence of historical and social conditions on the formation of his worldview; examining the motifs of citizenship and national unity in his poetry. The article shows that Dulat Babatayuly’s work reflects the complex processes of transformation of Kazakh society during the period of the loss of khanate power and the strengthening of the colonial policy of the Russian Empire. His poetry is characterized by sharp satire, philosophical depth, and a pronounced civic stance. Drawing on the traditions of zhiraу and oral folk art, the poet has developed an original artistic style that combines elements of realism and journalism. The conclusion is made that the central idea of Dulat Babatayuly’s work is the affirmation of the value of his native land, the preservation of national identity, and the idea of the unity of the people, which determines its enduring significance in the history of Kazakh literature.

Keywords: Kazakh literature, historical era, creativity, poet, society, problem, aesthetic, view, worldview.

З.Н. Сейтжанов, Н. Набиолла, Б.С. Имангалиев*, Е.М. Солтанаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: baur.iman@mail.ru

Дулат Бабатайұлы и правда времени

Статья посвящена анализу творчества Дулата Бабатайұлы как выразителя «правды времени» и одной из ключевых фигур казахской литературы XIX века. Актуальность исследования обусловлена необходимостью переосмысления поэтического наследия автора в контексте современных литературоведческих подходов, а также стремлением к объективной оценке его художественного и идейного вклада, который в советский период подвергался односторонней интерпретации. Цель статьи заключается в выявлении художественно-эстетических особенностей творчества Дулата Бабатайұлы и определении его роли в формировании национального литературного сознания. В соответствии с поставленной целью в работе решаются следующие задачи: анализ тематико-идейного содержания произведений поэта; выявление специфики его образной системы и поэтики; определение влияния историко-социальных условий на формирование его мировоззрения; рассмотрение мотивов гражданственности и национального единства в его поэзии. В статье показано, что творчество Дулата Бабатайұлы отражает сложные процессы трансформации казахского общества в период утраты ханской власти и усиления колониальной политики Российской империи. Его поэзия характеризуется острой сатирой, философской глубиной и выраженной гражданской позицией. Опираясь на традиции жырау и устного народного творчества, поэт формирует оригинальный художественный стиль, сочетающий элементы реализма и публицистичности. Сделан вывод о том, что центральной идеей творчества Дулата Бабатайұлы является утверждение ценности родной земли, сохранение национальной идентичности и идея единства народа, что определяет его непреходящее значение в истории казахской литературы.

Ключевые слова: казахская литература, историческая эпоха, творчество, поэт, общество, проблема, эстетический, взгляд, мировоззрение.

Кіріспе

XIX ғасырда өмір сүрген талантты ақынның бірі – Дулат Бабатайұлы. Өз заманының талғампаз, сыншыл суреткерінің мұрасы кешеуілдеп зерттелгені де белгілі. Оның мұрасын жан-жақты зерттеу еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Кеңестік кезеңде санаулы ғалымдардың зерттеуіне тиек болғанымен ұзақ жылдар жабық тақырып ретінде қаралып келді. «Қазақстанның тәуелсіздік кезеңі ұлттық әдебиеттанудың дамуында түбегейлі өзгерістерге жол ашқан уақыт болды. Бұл дәуір елдің мәдени және тарихи мұрасын қайта қарауды, сондай-ақ қазақ әдебиетін талдаудың жаңа теориялық және әдіснамалық тәсілдерін қалыптастыруды талап етті.» (Matayeva and., 2025: 639-640). Осы жылдары халықтың өткеніне қайта оралуға зор мүмкіндік туды. Сол қатарда ақын мұрасы да жан-жақты зерттеле бастады.

Дулат Бабатайұлы зар заман әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі болды. Ол қазақ поэзиясына соны серпін, терең мазмұн дарытқан өнер иесі. Өз кезінде Ресей империясының отарлық озбырлығына қарсы үн көтерген ақындар шоғыры болды. Бұлардың шығармаларының «Зар заман поэзиясы» аталып, зерттеліп келе жатқаны мәлім. Сонда зар заман шайырлары-

ның басты сипатын қалай түсінуге болады? Бұл жөнінде М.Әуезовтің айтқандарын жазушы С.Мұқанов жалғастыра келіп: «Бас бостандығынан, жерден айырылған, кедейленген халық бұл зорлыққа қарсы бас көтере алмады. Көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осындай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан түншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін біз «Зар заман әдебиеті» (Мұқанов, 1942: 120-121), – дейміз деп жазады. Сол зар заман ақындарының қатарында Дулат Бабатайұлы да бар еді.

Ақын шығармаларының басты сарындарының бірі – отаршылдықтың қысым-қыспағынан құтылу болатын. Сондықтан Дулат шығармаларында сол тұстың саяси-әлеуметтік жағдайы шынайылықпен көрініс тауып отырған. Осы арқылы оның туындысында стильдік-тақырыптық айшық-бедері күңгірт тартып көмескіленбейді. Қайта өзгеше көрініп, жаңа бір поэзияның үлгісіндей әсер қалдырады.

Тегімді менің сұрасаң,

Қалың найман нуынан.

Жырымды менің сұрасаң,

Сары алтынның буынан.

Сырымды менің сұрасаң,

Тұманың тұнық суынан,
Кеудеме қайғы толған соң
Тұнық жырмен жуынам,
Сорғалаған нөсердей
Жырын тыңда Дулаттың
(Бабатайұлы, 1991: 62), –

деген жолдардағы «сары алтынның буынан», «тұнық жырмен жуынам» сияқты тармақтар Дулаттың алдындағы ақын-жыраулар шығармаларында айтыла қоймаған-ды. Бұл ақынның өзіндік ойлау ерекшелігін байқатады. Он тармақтан тұратын «сорғалаған нөсердей» жұмырланған ой өткірлігі бұл сөз суреттілігі бірден көңілге қона кетеді, жылы сезімге бөлейді. Өйткені ақын өмірді өзінше көріп, тану талабын байқатады. Жаңа бір бетбұрыстың нышанын көргендей боламыз. Бұл арада еске салатын бір нәрсе Дулат шығармасын және басқа көптеген зар заман ақындарын бағалауда идеологияның кері әсері болғаны белгілі. Кезінде тіпті дәлел, дәйексіз ұшқары пікірлер де айтылмай қалған жоқ. Зар заман ақындары «ескішіл бағыттағы ақындар» деген баға беріліпті. Бұған 1959 жылы 15-19 маусым аралығындағы Қазақстан Ғылым Академиясының өткізген ғылыми-теориялық конференциясының материалдары дәлел. Тәуелсіздіктен кейін жазған бір еңбегінде белгілі ғалым Б.Омарұлы: «Абайды танып, Дулатты білмеу, Махамбетті жаттап, Мұратты даттау, Бұқарды дәріптеп, Шортанбайды аластау, Ыбырайды ұғып, Әубәкірді түсінбеу, Жамбылға жақындап, Албан Асаннан алыстау – әдебиеттегі ақтаңдақтарды өз қолымызбен жасағанымыздың әсері» (Омар, 2000: 13) – деп орынды айтқан. Ғалым айтқандай «жауырды жаба тоқыған кезіміз» аз болмаған.

XIX ғасыр қазақ елінің өмірінде аса елеулі, күрделі кезең болған-ды. Бұл кезеңде патша үкіметінің отаршылдық қысымынан және Орта Азиядағы Қоқан, Хиуа хандарының басқыншылық әрекеттеріне қарсы бағытталған көтерілісшілер көбейе бастаған. Мәселен, Кенесары, Наурызбай бастаған бір ғана көтерілістің өзі-ақ осының дәлелі. Бұған қарағанда халық неге көтеріледі, кімге қарсы көтеріліп жүр? Дулат «Тай туып, тайлақ қайыған» атты өлеңінде:

Тай туып, тайлақ қайыған,
Тоқты қоздап байыған,
Малың қысыр қалмаған.
Қулығың құлын салмаған,
Қалың еді ырысың,
Көлге біткендей жекендей.

Кешегі «ырысы қалың-берекелі ел» бүгін қандай күйге түскені жайында толғанады. Қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерді нақты таңбалайды.

Айуанмен тең саналдың,
Терідей болып тоналдың.
Жол таба алмай қамалдың
Басшысын атқан бөкендей
(Бабатайұлы, 1991: 92), –

деген жолдарда ақын шынайы шындықты дөп басады. «Айуанмен тең саналдың, терідей болып тоналдың» тармақтарының астарында халықтың қайғысы жатқаны белгілі. Қазақтың тұратын жерлерін патша үкіметі тартып алып, қазақ жеріне көшіріліп әкелінген орыстарды қоныстандырған болатын. Малшаруашылығымен айналысатын қазақ үшін қоныс жерлердің қаншалықты мән-маңызы бар екені айтпаса да белгілі. Бұл бодан болған елге жасалған қиянат еді. Былай тартса өгіз өледі, былай тартса арба сынадының кебін киген елдің мүшкіл халін «жол таба алмай қамалдың» деп суреттейді. Ақын патша үкіметінің отаршылдық қанауын көзімен көріп, сезіне білді. Енді бірде ол:

Балаусалы, балғынды,
Баяғыдай салаң жоқ.
Кең қоныс, еркін өрісті,
Баяғыдай далаң жоқ.

немесе:

Кешегі қайран сәулетің,
Толықсыған дәулетің.
Кең несібе нәубетің,
Береке-бірлік ұйтқылы,
Басыңнан кетіп жүйткіді
(Бабатайұлы, 1991: 113-114), –

деп ақын болып жатқан шындықты көре де біледі, оны айта да біледі. «Кешегі қайран сәулет пен толықсыған дәулет» келмеске кеткен. Ақын бірде ашынады, бірде халықты аяйды. Себебі заман мүлде өзгерген. Қоғамның осы кейпі адамдарды да өзгерткен. Қамқа, торғын дегені бөз боп шығады, сап алтыны жез боп шығады. Ер дегені ез боп шығады. Осының бәрі бодан қоғам болмысынан туындап жатқан жай екенін ақын жақсы аңғарған. «Дулат жырларының күш-күдіреті оның көркемдік қуаты, мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете

білген шыншылдығында. Көркем сөзді халыққа қызмет ететін қару», – деп ұғынған ақын өз шығармаларында заманының көкейкесті мәселелерін қозғайды» (Мағауин, 1989: 11)

Дулат, Мұрат, Шортанбай, Әбубәкір, Албан Асан сынды ақындардың шығармаларында «кең қоныс, еркін өрістің тарылуы» – жетекші мотив. Қазақ қоғамының дәстүрлі дамуы тоқырап, отаршыл жүйенің қыспағы күшейген сайын, ақындар халықтың алдынан бұлдыр тартқан болашақты да, ел басындағы ауыр кезеңді де шынайы суреттеуге тырысты. Олардың барлығын біріктіретін – туған жердің, еркіндіктің, кеңістіктің азаюы. Қазақ үшін жер – тіршіліктің өзегі, елдің рухани қуаты, еркіндіктің өлшемі болатын. Сондықтан жерден айрылу – тек шаруашылықтың құлдырауы емес, тұтас ұлттың рухани күйреуі деп қабылданды. Отарлаушылар ең әуелі экономикалық негіз – жерді тартып алу саясатын іске асырды. Егін егуге қолайлы, қыстау мен жайлауға жарамды жерлер мемлекет меншігі деп жарияланып, оған орыс қара шекпенділері орналастырылды. Ал қазақ халқы бұрынғы байтақ қонысынан ығыстырылды. Отарлық қысым ұзақ жылдарға созылған сайын халық арасында торығу, шарасыздық, рухани күйзеліс күшейді. Халықтың өмір салты түбегейлі өзгеріп, «ертеңгі күнге сенім» әлсіреді. Ақындардың да зар қаққан дауысы – өзі жеке басының емес, тұтас ұлттың жанайқайы еді. Олар отаршылдықтың қауіпті екенін дер кезінде көріп, елді ескертуге тырысты. Дулат ақынның жоғарыдағы өлең шумақтарынан да соны айқын аңғарамыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуді жазу барысында бұған дейінгі Дулат Бабатайұлының шығармашылығы туралы зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдардың ғылыми үстанымы басшылыққа алынды. Ғалымдардың құнды ой-тұжырымдарына сілтеме жасалды. Зерттеуге негізінен ақынның «Замана сазы» жыр жинағы өзек болды. Еңбекте негізінен жинақтау, ретіне қарай салыстырмалы-тарихи әдіс, тарихи-мәтіндік талдау әдісі негізге алынып, ақын өмір сүрген кезеңдегі қаламдас, замандастарының шығармалары салыстыра қаралды. Ақын шығармашылығының өзегіне айналған отарлық үстемдік пен халық санасындағы толқыныстар жан-жақты ашып көрсетілді. Ақын шығармашылығындағы тарихи шындық пен заман тынысы жан-жақты зерделеніп, зерттеу өзегіне айналды. Ақын шығармалары

мен олар туралы ғылыми пікірлерді жүйелеу арқылы зерттеу тақырыбына қатысты негізгі тұжырымдар жинақталды. Бұрынғы зерттеулердегі көзқарастар мен дәлелдер бір арнаға түсіріліп, тақырыпқа сай құрылымдалды. Дулат Бабатайұлы өмір сүрген тарихи кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайы, отарлық саясаттың ықпалы және оның халық өміріне әкелген өзгерістері тарихи деректермен салыстырыла талданды. Сондай-ақ ақынның отаршылдыққа қатысты ой-пікірлері замандас ақындардың шығармаларымен салыстырылып, «зар заман поэзиясына» тән ортақ сарын мен ерекшеліктер айқындалды. Әр өлеңдегі тарихи шындық көріністері, ақынның замана тынысын бейнелеу тәсілдері мәтіндік деңгейде зерделенді. Дулат шығармаларында көтерілген мәселелердің сол дәуірдегі қоғамдық оқиғалармен байланысы анықталды.

Әдебиеттерге шолу

Дулат Бабатайұлы шығармашылығы туралы ғылыми зерттеулер XX ғасырдың басынан бері қазақ әдебиеттануының назарында болып келеді. Ақын мұрасын алғаш бағалаған А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты алыптардың еңбектері Дулаттану ғылымының негізін қалады. Бұлар ақынның поэзиясын ұлттық рухпен, отаршылдық дәуірдің зарымен ұштасқан көркемдік әлем ретінде қарастырып, оның қазақ поэзиясындағы көрнекті орнын айқындады. Кейінгі кезеңде Б.Кенжебаев, Т.Кәкішев, Р.Сыздықова, Қ.Мұхамедханов сынды зерттеушілер ақын тілінің көркемдік табиғатын, поэтикалық ойлау жүйесін, тарихи шындықты бейнелеу тәсілдерін тереңдетіп зерделеді. Жаңа дәуірде Б.Омар, Қ.Мәдібаева, К.Рахымжанов және басқа әдебиеттанушылар Дулат шығармаларына тарихи-поэтикалық, мәтінтанулық, көркемдік-психологиялық тұрғыдан тың пайымдар қосты.

Зерттеушілердің басым бөлігі Дулат Бабатайұлы поэзиясын «зар заман» дәстүрінің жетекші өкілдерінің бірі деп таниды. Бұл дәстүрге тән сарын – Түркі қағанаты, Алтын Орда, Моғолстан, Қазақ хандығы дәуірлерінен бастау алып, XIX ғасырдағы отарлық қысым кезеңінде ерекше күшейген елдік мұрат, еркіндік аңсау, халықтың мұң-зары. Дулат та өз дәуірінің тарихи шындығы мен отаршылдық саясатын батыл әшкере-леп, «дәрменінен айырылған» елдің аянышты тағдырын шыншылдықпен жырлады. Зерттеуші Ж. Дәдебаев атап көрсеткендей, «ақынның шын-

шылдығы мен сыншылдығы халық таныған ақиқат құбылыстарға негізделеді» (Дәдебаев, 2016: 381).

Ақын шығармаларындағы негізгі тақырыптар – заманның азғаны, адам табиғатының өзгеруі, билік басындағы әділетсіздік, ұлттық психологияның дағдарысы. Бұл сарындар Дулаттың «қасиетті хан-қара өткен», «қарасы антқор, ханы – арам» болған қоғамды сынауынан анық көрінеді. Зерттеушілер мұны ақынның азаматтық-әлеуметтік позициясымен, тарихи кезеңнің саяси қыспағымен байланыстырады.

Дулат шығармаларында билік басындағылардың моральдық тұрақсыздығы ерекше сынға алынады. «Бараққа», «Кеңесбайға», «Сүлейменге» арнаған өлеңдерінде ақын ұлықтардың паракорлығын, әділетсіздігін, мінез-құлықтың азғындауын өткір әшкерелейді. Бұл сарын зерттеушілер еңбектерінде де кең талданады. Мәселен, Р.Бердібай патшалық биліктің қазақтың ерлік, парасат сияқты ұлттық қасиеттерін жоюға бағытталған идеологиялық қысым жасағанын айта келе, халықтың мінез-келбетінің өзгеруін отарлау нәтижесі деп түсіндіреді (Бердібай, 1996: 197). Ал Қ.Өмірәлиев Дулаттың поэзиясын «халық санасының оянуына түрткі болған алғашқы көріністердің бірі» деп бағалайды (Өмірәлиев, 1991: 56).

Ақын поэзиясында қоғамдағы моральдық құлдырау, ұрпақ тәрбиесіндегі бұзылу, әдептің тозуы да көркем тілмен айшықталады. Бұл жайында Қ.Мәдібаева Дулат шығармалары «өтпелі кезеңнің әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін дәл бейнеледі» деген тұжырым жасайды (Мәдібаева, 2001: 139). Шындығында, патша саясатының зардабы халықтың өмір салтын ғана емес, психологиясын да өзгерткенін ақын дәл аңғарған: ата-ананың тілін алмайтын ұл мен қыз, ел мүддесіне адалдық танытпаған би-бектер бейнесі – осының дәлелі.

Дулат шығармашылығының көп қабатты табиғаты зерттеушілер назарын әрдайым аударып келеді. Ол заман мен адам арасындағы байланысты терең пайымдап, қоғамдағы моральдық дағдарысқа философиялық тұрғыдан қарады. Отарлық саясаттың қазақты тілінен, дінінен, жерінен айыруға бағытталғанын, оның түпкі мақсаты – «мәңгірттендіру» екенін зерттеуші М.Мырзахметұлы жан-жақты дәлелдеген (Мырзахметұлы, 2011). Дулат шығармаларындағы «кең қоныс, еркін өрісі жоқ» бодан елдің мүшкіл халі ақын дүниетанымының өзегіне айналған.

Жалпы алғанда, әдебиеттану ғылымы Дулат Бабатайұлы шығармаларын бірнеше бағытта қарастырады: Отаршылдық дәуірдің тарихи-әлеуметтік көрінісін бейнелеуі; зар заман дәстүрінің көрнекті өкілі ретіндегі идеялық-эстетикалық үстанымы; билік пен қоғам арасындағы қайшылықтарды өткір сынға алуы; қазақы моральдық құндылықтардың күйреуіне қарсылық білдіруі. Осы тұрғыдан алғанда, Дулаттану ғылымы ақын поэзиясын ұлттық сананың, тарихи жадының және рухани тәуелсіздіктің көрінісі ретінде қарастырады. Дулат Бабатайұлы – өз дәуірінің күрделі келбетін танып, оның шындығын қапысыз жеткізе білген, қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-танымдық поэзияның аса көрнекті өкілі.

Нәтижелер мен талқылау

Дулат сөзінің эмоциялық әсері зор. Атак пен абыройға дақ түсіретін, елдің береке-бірлігіне кесірін тигізгеніне ашынған ақын көңілінің ащы сыры екені хақ. Бұл ашуға ерік беріп ашына айтқан сөз. Замана барысына байыпты барлау жасайды. Байқампаз-сезімталдық, қырағы-алғырлық Дулаттың талғамына тән қасиеттер болғандықтан, айтпақ ойының шырайын кетірмей, тартымды өрнектей алған. Ақиқат пен жалғандықты ажырата көп алдына күмілжімей тура айта білуі – оның поэзиясының қуаттылығы мен құнарлығын көрсетеді. Ақын тағы бір өлеңінде «шен-шекпен» құмар би-бектердің әрекетін айнытпай аңғарады. Олардың жағымпаз қылықтарын аяусыз әшкере етеді.

Патшаның заңын қуаттап,
Жол ашып едің суаттап.
Баладай алдап уатпақ
Би дегенің би емес,
Ел алдамшы мекері.
Шен-шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан.
Саудалап елін тиынға,
Құмартып патша сиына,
Бек дегенің бек емес
Хан жалшысы, нөкері
(Бабатайұлы, 1991: 94).

Патшаның сый-сыйапатына елін сатып жіберетін би-бектердің бейшара сиқын көз алдыға әкеліп, әжуа етеді. Жағымпаздықпен жан сауғалаған ақиқатты айта қаһарын төгеді. Әділетсіздікке күйіне түңіледі. Ел-жұртының қамын ойлаудың орнына жетесіздік көрсеткендеріне

көңілі қалады. Өткір, қатты сөздерімен тіксіндіре беттеріне басады. Тура жолдан таймауды талап етеді. Елім дейтін азаматтардың пасықтық іс-әрекетін меймүңкелемей бетіне басады, шындықты ашады. Жат билеушілер арасында елдің сөзін сөйлейтін көзі ашық азаматтар қажеттілігі бірден сезіледі. Белгілі ғалым Ж.Ысмағұлов: «ел ішінде дұрдараздықтың тамыздығын ала келіп, озбырлық отын маздата түскен отарлаушылар саясаты ел ішін бүлдірмей қоймаған еді... ағайын арасында алалық туды. Ел ішіндегі пысықтар шамаларына қарай, әйтеуір бір билікке қол жеткізуге тырысып бақты» (Ысмағұлов, 1994: 28). Осы тұжырым Дулаттың да талғам-таңдауымен үштасып жатқанын көреміз.

Үлкен елдік мұратты ойламайтын, патша ұлығының алдында құрдай жорғалайтын екі жүздіні, параны пайда көріп дәнйккен пайдакүнемдер арасында орын алатынын аңғаруға болады. Өйткені, патша ұлығына жақпаса, қызметінен айырылады. Әкімдіктен айырылса, парадан айырылып құралақан қалары белгілі. Сондықтан «арамдарды жақтап, өсекшіні мақтауы» шарт. Сөйтіп, сол замандағы әкімдердің мінез-құлқын білгірлікпен мінездейді. Ниеті қара, кісілік келбеті төмен ел билеушілердің бейнесін көптің көз алдына әкеліп бейнелейді. «Малсызды таптаса, малдыны жақтаса, арамдарды ақтаса, тентектерді жақтаса» сияқты теріс қылықтарды әшкерелейді. Дулат әділдіктің ақ жолынан тайғандардың жағымсыз пендешіліктерін орамды оймен айшық-бедерін жеткізе айыптайды. «Құрық бердің ұрыға, момынды алдың қырыға» дегеннен артық қандай сорақылық болуы керек? Өзінің көзі көрген жағымсыз әрекеттерге күйінеді. Ел басына түскен ауыртпалықтан мұңданады. Қара ормандай қазағының билеушілерінің қылықтарынан түңіледі. Осының бәріне ырық беріп, ыңғай танытып отырған отаршылдық озбырлық екенін Дулат жете түсінген және сол тұстағы бұқара халықты ел билеушілерімен салыстыра қарап, олардың айырмашылықтарын аңғара алғандықтан «қазақ ұлығын жаман итке» балайды. Бұл заман шындығын «Кеңесбайға» өлеңінде «азғын туғансың» дей келіп:

Ел білерлік ісін жоқ,
Дегдар емес, будансың.
Будан дейтін себебім:
Айналанды торисың,
Түзден тоят тілемей,
Өлексені қорисың.
Алдыңа келсе жүгініс,

Терісті оң деп жорисың.
Түйені жұтсаң түгімен,
Қақалмай-ақ толғайтын
(Бабатайұлы, 1991: 71).

Кеңесбай «азғын туғансың» деп бет-жүзіне қарамай кінәлауы оның әрекетіне байланысты болса керек. Теріс істі оңға шығарып отырудан танбайтын мерез басшыға қалай көңілі жылиды? Бодандық арқылы кіріптал басшының өз халқына жүргізіп отырған ерсі қылығына жаны күйеді, түңіледі. Әділдіктің ақ жолын айтуға ұмтылады. Бірде «қотара күйса толмайтын параның ыдысына», енді бірде «түйені жұтса түгімен, биені жұтса бүгімен қақалмайтын» құлқынның құлына балайды. Дулат жалтандап, жасқануды білмейді. Ащы айтып, ашық айыптайды. Жер-жебіріне жете шамырқана сынайды. Араны ашылған ұлықтар мен бектерді өз жұртына жаны ашымайтын нағыз антұрған ретінде сипаттайды. Сондай-ақ, патша әкімдеріне жағынып, екі жүзді қылық көрсететін жағымпаздықты, парақорлықты, батыл айыптайды. Мұның ақыры зұлымдыққа ұласуы әбден мүмкін. Осындай теріс әрекеттерге ашынған ақынның күйік-күйініші де байқалмай қалмайды.

Ел тереңге сүңгіді,
Қармайтұғын тал қалмай,
Серпілер күн болар ма
Елге түскен ауыр хал, –

деп шындықты айтады. Халықтың қамын ойлайды. Қам-қайғысы арылмаған бодан елінің басқаруында біреудің жемі болып, жетегіне кетпесе екен деген ақынның өкінішті ойын аңғарамыз. Мұндай жүгенсіздік халық арасына алауыздық тудырмай қоймайды.

Дулаттың «Сүлейменге» атты өлеңінде «Сүлеймен төре құлақ сал» деп оның назарын өзіне аударып алып, «Ардақты туған атадан» төреге алдымен мадақ айтқандай болады. Біртіндеп басқа сарынға ауысып былай дейді:

Төрдегі өңшең отырған,
Топырыш, топас, күшіген.
Жат айбынбас күшінен,
Ел түңілген түсінен, –

деп келетін бір шумақ өлеңде қаншама терең мән-мағына жатыр. Осындай жетесіздік ақын жүрегінен жаңғырық табады.

Немесе:

Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып мидай былықты.
Атқа мінер ауылда,
Итше ілініп ылықты.
Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан дағы қылықты,
Ұлық кетсе, қазаққа
Қорқау қасқыр қылықты
(Бабатайұлы, 1991: 74)

Сүлеймен бастаған ел билеушілерінің қылығынан ел түңіліп болған. Мұның жоғарыдағы ұлықтардан айырмасы жоқ. «Қазақтың қорқау қасқырына» айналған озбырлық иелері екенін батыл айыптайды. Ақын «Төре болып төрде отырған» Барақ, Кеңесбай, Сүлеймен сияқтыларға арнау сипатында жазған өлеңдерінде халыққа «әділ қазы» болып, әділ билік айтудың орнына халқын талап-тонайтын жексұрын кейіп-кеспірін көз алдыға әкеледі. Ақылдан ада «бір ұрты қан, бір ұрты май» топас күшіген деп бейнелейді. Орыс ұлығының алдында құрдай жорғалайтын, жағымпазданғанда «қыздай қылықты» бола қалатын кейпінен жиренеді. Олардың екі жүзді құбылмалы сиқын ашына ашық сөзбен таңбалайды, әжуа ете сипаттайды. Елдің береке-бірлігін бұзатын жағымпаз-парақор екендерін даралай көрсетеді.

Етегін ашып күлмесін,
Азғындаған шағыңа.
Алдыңа келіп жүгініс,
Қарамай қара, ағына.
Адалды сатып параға,
Болыстың арам жағына...
Бұзықты құрап ел етіп,
Қондырдың оны жағына.
Ұрыңа елді тонатып,
Бүлдіре бер тағы да
(Бабатайұлы, 1991: 69).

Өлеңнің мазмұн-мағынасы өте терең әрі шынайы. Азғындаған елдің күйі де, елді билеп отырғандардың қам-қарекеті де нақтылы айтылған. «адалды сатып параға, болыстың арам жағына, ұрыңа елді тонатып, бүлдіре бер тағы да». Пара алып арамды жақтаса, ұрыға елін тонатса, мұндай әкімнің әрекеті халықтың қырсығына айналады.

Патша үкіметінің боданы болып заман азды, ал, заман адамды аздырды деп үкқан Дулат ақынның қабырғасы қайысты, жаны ауырды.

Сондықтан ол қалың қауымның мұңын жырлады, ауыр халін толғады. Заман қысымына «кең қоныс, еркін өрісті, баяғыдай дала жоқтығына өкінеді». Ата қоныстан айырылған елдің мүшкіл жағдайына өкініш білдіреді. «Параны ойлап би кеткен, қадір-қасиет, сый кеткен» заманға зауал айтады, елді жайлаған індет деп түсінеді. Себебі билік басындағылардың көбі «жезден қарғы тағынған, ақ патшаға жағынған» адамдар, мұндайлардан үміт күтуге болмайды, ел қорғайтын батыр «қазан бұзар үй тентекке» айналған. Бұл зар заман ақындарының көбіне тән сарын.

Ел жиренген ісінен,
Азған елдің ішінен.
Қазан бұзар үй тентек
Көрдік шыққан батырды.

Немесе:

Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті
(Бабатайұлы, 1991: 106-107).

Адамның бір-біріне деген сенімі қалған, ел бет-бетімен кеткен, береке-бірлік бұзылған, Қасым салған қасқа жолдан адасқан, өсек-өтірік, ұрлық-қарлық көбейген. «Дөң асқан мал табылмайтын, ашық етек жабылмайтын» заман келген. Халық жер-суынан айрылып қана қалмай, түрлі амал-айла арқылы қысым-қиянатқа ұшырап отырады. Тіпті адамдардың психологиясы өзгереді. Заманға разы болмау сарыны зар заман ақындарының басты ұстанымы болғаны белгілі. Мәселен:

Келемеж қылып атасын,
Алмай ақыл, батасын.
Мойнына алмай қатесін,
Жалаңдасып ұл кетті,

Немесе:

Күземе байтал кекілді
Жетекшіл түйе секілді.
Шеше айтса кейін деп,
Жеңгесі айтса бейімдеп
Дамбалын тастап қыз кетті
(Бабатайұлы, 1991: 107).

Бұл ата-ананың тілін алмайтын ұл мен қыздың келеңсіз әрекеті. Бұл мәселеге де ақын немқұрайлы қарамайды. Осындай әдепсіз ұрпақтың болғанына өкінеді. Адамдардың ниет-пиғы-

лының өзгеруінің де басты себебі бодандыққа байланысты екенін Дулат аңғарымпаздықпен байқаған. Сондықтан ақын қоғамдық санадан туындап жатқан қайшылықты ашып бере білген. Кейде тұйыққа тірелгендей торығуға бой алдырғанын да аңғаруға болады.

Дулат екі нәрсені салыстыра (қой мен түйені, құлын мен биені, ителгі мен сұңқарды, жабы мен тұлпарды) шендестіре отырып, айтар ойын тереңдете, азаматтық ұстанымын анық аңғартады. Түйеден қой зор болса, биеден құлын зор болса, сұңқардан ителгі туса, тұлпардан жабы туса, мәстек озып бәйге алса, өмір салтының бұзылғаны осы емес пе? Қиюы кеткен өмірдің қыңыр қылығын анық ұғындыруға ұмтылады. Ел ағалары беделінен айырылып, елдің құты қашқан. Ақын осының бірін де қалт жібермей қазбалай сөйлейді. Басқаға бағынған қасіретті заманның қасиетін жоқтайды. Осы арқылы:

Қайрымы кеткен соң,
Мырзадан қоңсы жырылып.
Елім дер ер қалмады
Артына қарар бұрылып,
Тырнадан би сайладың
Ашпассың елім – көзінді.

«Артына қарай бұрылып, елім дейтін ер қалмағанына» өкінеді. Адамдардың бойындағы ұнамсыз мінез-қылықты батыл да батыра айтуға парыз санайды. Сайланған биді қиулаған тырнаға балайды. Сөйтіп, елдің мазасын алып, тыныштығын бұзуды ойлайтын би-тырнаға көңілі толмайды. Мұндай елдің оңала қоюы екіталай екенін ескертеді. Сонда отарлаушылар қандай саясат ұстанған? «Ресей отаршылары қазақтарды тұқыртып ұстаудың бірден-бір кілті – олардың ұлттық санасын өшіріп, халықты тарихи жадынан жаңылдырып, тарихи болмысының өзегі болған ауылдық, қауымдық ұясын (ядросын) біртіндеп жою мақсатын шешуші орынға қойды. Дала қазақтарының бәрін де саналы түрде мәңгірттендіруді саяси мақсат ретінде ұстанды» (Мырзахыметұлы, 2011: 219). Таным-түсінігі жоғары Дулат ақын мұндай келеңсіздікті қаз-қалпында айтуды мақсат еткен.

Аңсағаны жілік боп,
Тілегені бүлік боп.
Момынды сорып сүлік боп
Арам дауға келгенде
Жел жетпейтін күлік боп.
Қонағасы бермесе,

Ат-шапанға ілік боп
Параны көздеп би кетті
(Бабатайұлы, 1991: 106).

Тұрлаулы байламы жоқ, қулық-сұмдықпен би болып, пара алуды ғана білетін би сымақтың түрі осы. Сүліктей сорады. Арам дауға араша түседі. Мұндай сәтте одан білгіш адам жоқ, «аңсағаны жілік, тілегені бүлік болған» пара жегіш, би сымақтың сиқы осы. Ата салтын бұзып, елдің сиқын кетірген сұмырайларға кектене жыр толғайды. «Қымыз құмар, сор құмар өңшене сорлыларды» оңдырмайды. Қымызға қызып алып ақ-қараны айырмай, алды-артын ажыратпайтын, жақсылықты сезбейтін, жамандықтан безбейтін ойсыздардың екі жүзділігіне күйіне отырып, арам мен адамдық іс-әрекеті жайында терең толғанады. Кісіліктен айрылған әкімдер мен ұлықтың бейшаралық әрекеттері арқылы әлеуметтік-қоғамдық ортаның ахуалын ашады. Ақынның дүниетанымының тереңдігі сонша өз ойын өзгеше айтуға ұмтылады.

Дулат отарлық озбырлыққа да жаны күйген ақынның бірі. Ол заманды, оны билеген адамды тілге тиек етеді. Ойшылдыққа бой ұрады. Қоғамның ең зәру мәселесін көтереді. Елдікке қайшы келетін жайды жер-жебіріне жеткізе таңбалайды. Қазақ дейтін халықтың баяғыдай сай-саласы жоқ, еркін өрісті даласы қайда? Халқының қорғалап өскен қояндай мүшкіл халіне жаны ауырады. Енді бірде боранда қалған қойға балап сан түрлі мәнді-мағыналы мәселелерді нысанаға алады. Ел басына ауыр күн туғанда әкім-билердің арам байлықтың қызығына түскенін жасырып-жаппай ашық айтады.

Баяғыдай салаң жоқ,
Кең қоныс, еркін өрісті.
Қорғалап өскен қояндай
Еркімен өскен ерленіп,
Ержүректі балаң жоқ,
Боран соққан қой болдың
Жел жағыңда панаң жоқ
(Бабатайұлы, 1991: 113).

«Дулат қазақ елінің патша үкіметіне тәуелді болғанына наразы. Патшалық Россияның капиталистік қарым-қатынасының қазақ жеріне енуіне де, одан туған жаңалықтарға да жаны қас. Қазақтың өз алдына бөлек хандық құрып, дербес өмір сүруін көксейді» (Сүйіншәлиев, 1967: 164). Жоғарыдағы өлең жолдарында халықтың өксікке толы өкінішті өмірінің шындығы жатыр.

Дулат өлеңдерінде елдіктің-әділдіктің туын көтеретін опалы-бөтуәлі әкім-билерді үлгі ете сөйлейді. Бодандықтың бұғауында отырған елдің «береке-бірлік ұйтқыны, басынан кетіп жүйткігеніне» өкінеді. Елінің тұтастық, бірлігін ойлайтын сапалық биікке көтеріледі, патша саясатын айыптайды. Халқының көрген сергелдеңі мен сарсаңын, патша үкіметінің озбырлық әрекетін қалтқысыз қанық көрсетеді.

Ақын шығармасында шынайылық пен тереңдік қос өрім тартады. Әсіресе адам мен қоғам жайын толғағанда бұл ерекше байқалады. «Сөзім бар да, көзім жоқ» деген өлеңінде:

Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай.
Ләпсі – төбет қабаған:
Жемтік көрсе тұра ма
Ырылдап танау жиырмай.
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым.
Ырылдасып әркімнен
Не қапқыздым, не қаптым, –

дейді.

Дулат қазақ жерінің отар елге айналғанын, хандық биліктің жойылып, патшалық қысымның қыспағын басынан өткереді. Адамдар адалдықтан айырылды, нәпсіні тиюды білмеді. «Өзінікі өзіне де бұйырмайтын» заман еді. Ақын жаңа өрнекпен батыл айтады. «Ырылдасып әркімнен, не қапқыздым, не қаптым» дейді. Бұл сол тұстың саяси-әлеуметтік мәселесі болатын. Ақын қоғамдық көкейкесті жайды көтереді. Ақын поэзиясында жаңа бетбұрыс айқын аңғарылады. Оның көркемдік ойының қуаттылығы мен өткірлігі ерекше, ақын бояуы қанық сөз образы арқылы қоғам мен елдің, ондағы адамдардың мінез-құлықтары мен болмысын қамтып зерделеуге шеберлік танытады. Дулат айтар ойын жандандыра бір сәттік көңіл-күйді «мөңіреп жұртқа ой қайтты, бұзауы өлген сиырдай» дегендегі ақындық тапқырлық таңдандырмай қоймайды. Бұл арада Дулаттың салыстыруы жай сиыр емес «бұзауы өлген сиырдай» деп қолдануы ұшқыр ойдың ұшқынындай сезіледі. Әрі ақын талғамының биіктігін, эстетикалық әсерінің күштілігін сеземіз. Ол халқының рухани тазалығы мен имандық-кісілігін аңсады. Сайып келгенде мұның бір жағы тектілікпен ұштасып жатқанын сезді. Үлгі-өнеге ұсынуды парыз санады. Оның өлеңдері жұртшылық жүрегінің лүпілін дөп басады.

Дулаттың туған жерге деген ықылас-пейілі де ерекше. «Антиутопия ақындарының ішінде туған жер тақырыбын жаңаша жырлауда өлеңдерінен соны сипат-өзгеше өрім-өрнектердің үлгілері басым байқалатыны – Дулат Бабатайұлы» (Шәріп, 2000: 48), – деп ғалым дұрыс айтқан. Ақын «Ақжайлау мен Сандықтас» өлеңінде:

Ақжайлау мен Сандықтас
Атамның қонған қонысы.
Түн асса тұтам түгі өскен
Басылмайтын сонысы.
Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай сай-салаң.
Жоның жайлау кең алаң
Атам қонған кең далам!...
Жайлауынды көргенде –
Жадыраймын, жайланам.
Өксігінді ойласам
Ұйқы беріп, қайғы алам.

Немесе:

Ей, Сандықтас, Сандықтас –
Атамның қонған жайлауы!
Қайнардан суың қайнауы
Шалғынға жонын көмілтіп,
Құлынды қазақ байлауы
(Бабатайұлы, 1991: 81-82), – дейді.

Атамекен – адам өмірінің ең қымбатты мекен тұрағы. Өлеңде ақынның ата қонысқа деген шексіз сүйіспеншілігі көрініс тапқан. Адамның бақытты болуы туған жерімен тамырлас екені мәлім. «Түн асса тұтам түгі өскен» туған жерін ақын мақтаныш етеді. Атамекенді ардақтау әр адам үшін парыз. Адамның асыл арман, мақсат-мұратын туған жерінде ғана іске асыра алмақ. Сондықтан туған жерін қасиет тұту – қанға сіңген қасиет саналады. Әрі арыдан келе жатқан дәстүр. Туған жерінің жапырылмайтын сонысы, сай-саладан секіре аққан бұлағы ақынның жанын жадыратады.

Ақын туып-өскен жері мен оның сұлу табиғатының сиқы кеткеніне өкінеді. Сондықтан ол «өксігінді ойласам, ұйқы беріп, қайғы алам» деуі бекер емес-ті. Патшалық Ресейдің отарлауынан шұрайлы жерінен айырылған халық мұңы екені хақ. Ақын шындықты астарлы түрде тартымды жеткізеді. Нағыз талантты ақындық толғаныстан туған соны қолданыстары тәнті етпей қоймайды. Дулаттың «Аяғөз» өлеңінде «жағасы тал, суы бал» өзенді көркем сөзбен кестелейді.

Тауды екіге жарасың,
Тастың қашап арасын.
Кесіп өтіп кезеңді,
Аяғөз қайда барасың?! –

деп сауал қояды.

Ары қарай өзен тарихын, халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра жырлайды. Оның өлеңдері халық өмірінің көркем шежіресі іспетті таным биігіне тартатын әсері әуен естіліп тұратындай әсерге бөлейді.

Аяғөз сенің бойында,
Несібе, ырыс тегіс қой.
Сай-салаң толған жеміс қой.
Қырың халық кіндігі,
Ойың өнім – жеміс қой.
Жағана дуан түскен соң,
Аяғөз суы қағынды.
Би, старшын мойнына,
Жезден қарғы тағынды.
Аға сұлтан, қазылар,
Майырға болды жағымды.
Шайқады қулар талымды
Тайғызды бастан бағымды,
Сындырды елім сағынды,
Ұзын өрім қысқарып,
Кең қонысың тарылды
(Бабатайұлы, 1991: 85)

Дулат өзінің атамекені болған жер-судың саяси-әлеуметтік жағдайын географиялық құрылысын жақсы білген. Сонымен бірге шұрайлы тілін, терең ойын ақындық леппен көркем жеткізе алатын талғампаздығымен ұштастыра біледі. Дулаттың Ақжайлау мен Сандықтас Аяғөз өзендеріне арнаулары ойынды бірден баурап алатын, басқалар айтпаған тапқырлықпен ерекше ажар-айшықтардың күдіреттілігі тандандырады. Ойынды оятып қанаттандыра түседі. Ол қазақ поэзиясының мазмұнын байытып, көркемдік сапасын жетілдіре түскен алабөтен шеберлік танытады. Осы арада Нобель сыйлығының иегері Марио Варгас Лвосаның мына сөзі еске түседі: «Орташа поэзия» деген ұғым жоқ, поэзия не мықты, не осал болады. Поэзия, ол – асқан кемелдікке, күдіретке бір табан жақындата түсетін жанр» (Қазақ әдебиеті, 2020) – деген сөзі орынды айтылған. Дулат өлеңдерінде ерекше өрім-өрнек бар десек, артық айтқандық емес.

Бұдан ары өлең басқа бағытта өрбиді. Патшалық Ресейдің боданы болған соң «Аяғөз суы

қағынады, би, старшын мойнына, жезден қарғы тағынады» ел билеушілердің көбі екіжүзділікке, жағымпаздыққа бой ұрады. Бұл тұстағы халықтың басты қайғысы кіндік кескен, кір жуған жерінен айырылуы еді. Ақын осыны меңзеп «тайғызды бастан бағымды, сындырды елім сағынды» деп бақытсыздықтың басы – жерден айырылу деп біледі. Сөйтіп халықтың мұң-зарын жырлады. Бұл жағдайды Дулаттан басқа да көптеген ақындар шығармашылығында көрініс тауып жатты. Әділдік аяққа басылып, отарлық, озбырлық үстемдік құрған елде қандай даму, ілгерлеу болмақ? Ақын отаршылдық саясаттан туындап жатқан келеңсіздікті көптің көз алдына әкеліп, өлеңдерінің басты бағытына айналдырады. «Қу заманға сұм басшы, сорымызға тап болды» деп шындықты шыжғырып тұрып бетке басады. «Сауыр жерден айырылған» халықтың мүшкіл халін жырлап, елдің ертеңіне жаны ауыратын күйінішін мағыналы өлеңдерінің арқауына айналдырған қарымды қаламгер. Дулат «Атақоныс Арқадан» атты өлеңінде жаугершілік заманда ел басынан өткен қиын-қыспақты да зердесінен өткізеді. Атақоныс Арқадан ауған қазақтың мүшкіл халінің бір көрінісін былай береді:

Атақоныс Арқадан,
Басында қазақ ауғанда,
Күзді күнгі нөсердей
Көзінің жасы жауғанда,
Ақтабан боп шұбырып,
Асып асқар таудан да
Алқакөлдi айналып
Ақ қайынды сауғанда
Арысын белден опырып
Қалмақ тартып барды алды, –

деп «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» көз алдыға әкеледі. Ақтабан боп шұбырған халықтың басына зарлы заман төнген еді. Өйткені қалмақтар (жоңғарлар) қазақ елінің көп жерлерін басып алғаны да шындық еді. «Тарихи деректерге жүгінсек XVIII ғасырда қазақ даласы жан-жақтан анталаған жаудың арасында қалды. 1721 жылғы ақтабан шұбырынды деген атпен тарихқа белгілі жоңғар шапқыншылығы басталды» (Тарак, 2014: 13). Жоңғарлықтар бұл шайқасқа арнайы дайындық-әзірлікпен келіп бастаған. Сондықтан олар қару жағынан да, әскерлерінің саны жағынан да басым болып, халықтың тоз-тозын шығаруға белсене кірісті.

Ел үшін кешіп жанынан,
Ереуілге шыққан ер.
Өлексесін құшақтап
Қала берді туған жер.
Қанаттан құйрық айрылды,
Қанды көз қайқы қаракер.
Қара бұлттай қабындап,
Халықты басты қайғы-шер
(Бабатайұлы, 1991: 89).

Халық «өлексеге толған» туған жерін тастап қашуға, бас сауғалауға мәжбүр болды. Жан-жақтан қаумалап, аранын ашқан жаудан аман қалу оңай емес еді. Елдіктің іргесі шайқалған ауыр заман туды. Дулат шындықты бүгіп қалмайды. «Қара бұлттай қабындап, халықты басты қайғы-шер» деуінде үлкен мән жатыр. Бұл қасіретті-қайғылы заман еді. Қазақтың көп жерін қалмақтан қайтарып алу оңай емес-ті. Осындай қиын сәтте «Әбілмәнсүр хан болды, хан болмады қазаққа, ағарып атқан таң болды» деуі Абылайға берілген лайықты баға еді. Өйткені Абылай елдің есесін қайтарып, еңсесін биіктетуді мақсат етті. Тоз-тозы шыққан халық есін жиып бірігуге, ұлт болып ұйысуы қажет еді. Сондықтан ол қазақ халқының басын қосып, елдік намыс пен ерлік рухты нығайтты. Осының нәтижесінде халықтың үлкен үміті оянды. Қазақ елінің тұтастығын сақтап, Абылай ақылды тарихи тұлғаға айналды. Дулаттың «Әбілмәнсүр қазаққа ағарып атқан таң болды» дейтін сөзінің мәні Абылайдың ерлігіне, ел қамын ойлауына байланысты айтылған сөз.

Дулат арнау өлеңдерінің («Кеңесбайға») бірінде тал қармап қалған халықтың серпілер күнін аңсайды. Бір Кеңесбай арқылы сан Кеңесбайлардың әрекетіне күйінеді. Өзімшілдікке ашынады.

Ел тереңге сүңгіді,
Қармайтуғын қалмай тал.
Серпілер күн болар ма
Елге түскен ауыр хал?
Көз жасыңда болмады,
Қара қазан, сары бала
Жетім-жесір кемпір-шал!
(Бабатайұлы, 1991: 71) –

деп ащы шындықты ашып айтады. «Кеңесбай, азғын туғансың» деп ащы шындықты түспалдамай тура айтады. Оның мінін бетіне басады. Бұл халық қамқоры болған ақынның жанашырлықпен айтқан жан сыры.

Жоғарыдағыларды жинақтай келгенде әуелі Дулат таным-түсінігі кең шыншыл ақын; екіншіден ақынның ақындық қуаты биік, дәуір тынысын жете сезінген талант иесі; Дулат Бабатайұлы қазақ халқын бөліп-жармай тұтас ала отырып, адам табиғатындағы кем-кетіктерді дұрыс көрсете білген, қоғам тынысын барынша ақиқат қалпымен сезінген және өлең өріміне айналдырған.

Қорытынды

Дулат Бабатайұлы – өз дәуірінің рухани шындығын көркемдік дәлдікпен бейнелеген ірі тұлға, қазақ поэзиясын жаңа сапалық деңгейге көтерген ойшыл ақын. Ол өмір сүрген қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, билік иелерінің озбыр әрекеттерін, адам мінезіндегі ала-кұлалықты, азғындық пен тоғышарлықты терең сынап, олардың халық өміріне тигізген зардабын ашық көрсете білді. Паракорлық, екіжүзділік, жарамсақтық, жалқаулық, мақтаншақтық, мінез азғындауы сияқты құбылыстарды ақын адам бойындағы қауіпті рухани дерт ретінде бағалайды. Мұндай жағымсыз мінез иелерін елдің іргесін шайқап, қоғамдық ахуалды күйрететін кесел ретінде суреттеп, олардың қылықтарын бетке басыу – Дулат поэзиясының азаматтық мақсатын айқындайды.

Ақын шығармалары отарлық кезеңнің тарихи шындығымен астасып жатады. Ол халықтың басына түскен ауыртпалықтарды, еркіндіктің шектелуін, елдік рухтың солғын тартуын терең сезініп, соны көркем тілмен бейнеледі. Дулат жырларының қуаты – оның шынайылығында, өткір үнінде және қоғамдық сананы оятуға бағытталған өткір азаматтық позициясында. Халықтық фольклор дәстүрін жетік меңгеруі, өмір құбылыстарын терең пайымдай білуі, көрегендігі мен алғырлығы ақын шығармашылығының даралығын айқындайды.

Ақынның арнау өлеңдері – оның шығармашылық шеберлігінің басты көрсеткіштерінің бірі. Билік басындағы басқарушылардың іс-әрекетін сынау арқылы ол заманның жалпы келбетін, қоғамдық қатынастардың теріс бағытқа қарай өзгеруін танытады. Дулат өлеңдеріндегі тосын әрі дәл теңеулер, тілдік өрнектер, метафоралық бейнелеулер – оның поэзиясына айрықша көркемдік дарытқан тұстар. «Жырымды менің сұрасаң, сары алтынның буынан» деуі де оның өлеңге деген талғампаздығы мен өнерді жоғары бағалағанын көрсетеді.

Дулат Бабатайұлы – қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба поэзиясы арасындағы көркемдік дәстүрді жалғастырған маңызды тұлға. Сол кезеңде «ауыз әдебиеті дәстүрлеріне негізделген қазақ әдебиеті халықтың мәдени және рухани құндылықтарын бейнеледі» (Ubaydullayeva, 2024: 67). Осы кезеңде Д.Бабатайұлы халықтық поэтикалық өрнекті сақтай отырып, қазақ өлеңіне терең

идеялық-мазмұндық деңгей қосты. Оның шығармашылығы кейінгі әдеби дамуға, соның ішінде Абай қалыптастырған жаңа поэтикалық үлгіге ой жағынан да, тілдік-көркемдік тұрғыдан да іргелі негіз болғаны анық. Қорыта айтқанда, Дулат Бабатайұлы – ойы озық, көркемдік өрнегі кемел, ұлттық сананы оятуға күш салған, өз заманының рухани болмысын терең танытқан ұлы ақын.

Әдебиеттер

Matayeva, A., Zhumagul, S., Sarybayeva, B., Yerlanova, A., & Chuzhayeva, A. (2025). Modern approaches to the theory and methodology of Kazakh literary studies: Integration of national and global trends. *Forum for Linguistic Studies*, 7(2). <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8295>

Мұқанов, С. (1942). XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер (1-бөлім). Алматы.

Бабатайұлы, Д. (1991). Замана сазы. Алматы.

Омар, Б. (2000). Зар заман поэзиясы. Алматы.

Мағауин, М. (1989). Бес ғасыр белестері. В Бес ғасыр жырлайды (Т. 2). Алматы.

Дәдебаев, Ж. (2016). Жамбыл. В Жабаев, Ж. Таңдамалы шығармалары (Т. 11). Алматы.

Пертаева, Э. (2000). Дулат Бабатайұлының ақындығы. Алматы.

Бердібаев, Р. (1996). Байқалдан Балқанға дейін. Алматы.

Өмірәлиев, Қ. (1991). Дулаттың дәуірі мен ақындығы. В Бабатайұлы, Д. Замана сазы. Алматы.

Ысмағұлов, Ж. (1994). Абай: Ақындық тағылымы. Алматы.

Мәдібаева, Қ. (2001). XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы.

Мырзахыметұлы, М. (2011). Қазақ қалай орыстанды? Алматы.

Сүйіншәлиев, Х. (1967). Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы.

Шәріп, А. (2000). Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Алматы.

Қазақ әдебиеті. (2020, 11 қыркүйек).

Тарақ, Ә. (2014). Абылай хан. Алматы.

Ubaydullayeva, G. (n.d.). The difference between English and Kazakh literature in the 19 century. [Electronic resource]. URL: <https://scientific-jl.org/index.php/luch> (Date of use: 05.08.2025)

References

Matayeva, A., Zhumagul, S., Sarybayeva, B., Yerlanova, A., Chuzhayeva, A. Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends. *Forum for Linguistic Studies*. Vol. 7, Iss. 2 <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8295>

Mukanov, S. (1942). XVIII-XIX gasyrlardagy adebyetynyng taryhynan ocherikter [Essays from the history of literature of the 18th-19th centuries. Part 1.]. Vol.1. Almaty. (in Kazakh)

Babatayuly, D. (1991). Zamana sazy [Contemporary music]. Almaty. (in Kazakh)

Omar, B. (2000). Zar zaman poeziyasi [Poetry of the Time of Sorrow]. Almaty. (in Kazakh)

Magauin, M. (1989). Bes gasyr belestery [Five centuries of milestones]. In Bes gasyr zhyrlyady [An Anthology: Songs of Five Centuries]. Vol.2. Almaty. (in Kazakh)

Dadebaev, Zh. (2016). Zhambyl [Zhambyl]. Zhabaev, Zh. Tangdamaly shygarmalary [Zhabaev, Zh. Collected Selected Works]. Vol. 11. Almaty. (in Kazakh)

Pertaeva, E. (2000). Dulat Babatayulynyng aqyndygy [The poetry of Dulat Babatayuly]. Almaty. (in Kazakh)

Berdibaev, R. (1996). Baikaldan Balkanga dein [From Baikal to the Balkans]. Almaty. (in Kazakh)

Omiraev, Q. (1991). Dulattyng omiri men aqyndygy [Dulat's era and poetry]. In D. Babatayuly. Zamana sazy [D. Babatayuly. The Rhythm of the Age]. – Almaty. (in Kazakh)

Smagulov, Zh. (1994). Abay: Aqyndyq tagylymy [Abai: The Teachings of Poetry]. Almaty. (in Kazakh)

Madybaeva, Q. (2001). XIX gasyrdagy qazaq adebyety [Kazakh literature in the 19th century]. Almaty. (in Kazakh)

Myrzaqymetuly, M. (2011). Qazaq qalay orystandy? [How did Kazakh become Russified?]. Almaty. (in Kazakh)

Suinshalyev, H. (1967). Qazaq adebyetining qalyptasu kezengderi [Stages of formation of Kazakh literature]. Almaty. (in Kazakh)

Sharyp, A. (2000). Qazaq poeziyasi jane ulttyq ideya [Kazakh poetry and the national idea]. Almaty. (in Kazakh)

Qazaq adebyety (2020). [Kazakh literature] 11 September. Almaty. (in Kazakh)

Taraq, A. (2014). Abylai han [Abylai Khan]. Almaty. (in Kazakh)

Ubaydullayeva, G. The difference between English and Kazakh literature in the 19th century. [Electronic Resource]. URL: <https://scientific-jl.org/index.php/luch> (Date of use: 05.08.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Сейітжанов Зуфар – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: asegizbayeva_84@mail.ru);

Набиолла Насихат – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: nasihat_83@mail.ru);

Иманғалиев Бауыржан – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: baur.iman@mail.ru);

Солтанаева Еркегүл – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: gulkataim@gmail.com).

Information about authors:

Seyitzhanov Zufar – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: asegizbayeva_84@mail.ru);

Nabiolla Nassikhat – PhD student, Al-Farabi National University (Kazakhstan, Almaty, email: nasihat_83@mail.ru);

Imangaliyev Baurzhan (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: baur.iman@mail.ru);

Soltanaeva Erkingul – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulkataim@gmail.com).

Сведения об авторах:

Сейітжанов Зуфар – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: asegizbayeva_84@mail.ru).

Набиолла Насихат – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nasihat_83@mail.ru).

Иманғалиев Бауыржан (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: baur.iman@mail.ru).

Солтанаева Еркегүл – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gulkataim@gmail.com).

Келін түсті: 6 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 30 қараша 2025 жыл